Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Ер-Наз 2013» балабақшасы
«Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. **Негізгі қимылдар:** жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру. жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып серу лақтыру, тастау, қағып алу. еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша", арасы алшақтанған заттар арасымен еңбектеу. тепе-теңдікті сақтау. сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден тұру,
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Дыбыстарды айта білуге; дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту; **Сөздік қор.** Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, **Байланыстырып сөйлеу.** Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.** Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. **Шығармаларды қабылдау.** Сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану;
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдау; **Мәнерлеп оқу**. Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға; **Мазмұндау.** ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға; **Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту**. Кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.
	Математика негіздері	**Жиын:**. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру; **Сан, санау:** Өз ойы бойынша құрылыстарды жасауға, оларды мазмұн бойынша біріктіруге және олармен ойнауға

		ынтасын тәрбиелеу; **Геометриялық пішіндер:** Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту; **Кеңістікті бағдарлау:** тірі және өлі табиғат туралы білімдерін қалыптастыру, табиғатта өзін ұстау туралы ережелерді және қарапайым өзара байланыстар туралы білімдерін байыт
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру:** Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; **Қағаздан құрастыру:** Көп түсті құрылым құрастыру; **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; **Конструктор бөлшектерінен құрастыру:** Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру;
	Құрастыру	**Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:** Заттар мен олардың шамасын, түсін, пішінін ажырату **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Зерттеу дағдыларын қалыптастыру; **Бала, оның отбасы, үйі:** Отбасылық суреттерді қарастыруға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру; **Заттық әлем:** Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікте бағдарлау; **Еңбекке баулу.** Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. **Менің -Отаным Қазақстан**. Қазақ және басқа халықтардың тұрмыс заттарымен таныстыру;
	Сурет салу	**Заттық сурет салу:** Төртбұрышты пішіндегі заттарды бейнелеу, оларды дөңгелек пішіндегілермен үйлесті **Сюжеттік сурет салу:** Жануарлардың суретін салу **Сәндік сурет салу:** Бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш);
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу:** Табиғи материалдан мүсіндеу дағдыларын бекіту. **Сюжеттік мүсіндеу:**Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру **Сәндік мүсіндеу:** Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту
	Жапсыру	**Заттық жапсыру:** Заттардың орналасу, олардың арасында арақашықтықтың сақталу заңдылығы; **Сюжеттік жапсыру:** Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету. **Сәндік жапсыру:** Ересектер дайындаған ірі және өте ұсақ ою элементтерін орналастыру және жапсыру;
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау. **Ән айту:** Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Ер-Наз 2013» балабақшасы
«Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты дыбыстарды анық айту; **Сөздік қор:** Балалардың сөздік қорын ойындар арқылы молайту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктелуіне байланыстыру. **Байланыстырып сөйлеу:** Суреттерді сипаттау.

	Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту. Балалардың пікірлерін тыңдау.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық апаратты дамыту. **Сөздік қор.** Ауызекі сөйлеуді арттыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату. **Байланыстырып сөйлеу.** Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.
	Математика негіздері	**Сан:** «көп» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру,«қанша» сұрағына жауап беру **Шама:** екі затты өлшемі бойынша кең-тар түсініктерін салыстыру. **Геметриялық фигуралар** геометриялық фигуралармен таныстыру **Кеңістікті бағдарлау** өзінің дене мүшелерін бағдарлау **Уақытты бағдарлау** қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау:
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** «Мен» бейнесін, өзінің және құрдастарының жыныстық тиістілігін үйрету **Заттық әлем** Заттардың атауларын атауды үйрету **Көлік, байланыс құралдары** көлік құралдарының түрлерімен таныстыру **Еңбекке баулу** таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау **Адамгершілікке баулу** балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту,

		Менің Отаным-Қазақстан Балалар тұратын қала мен ауыл жайлы ақпарат беру **Өсімдіктер әлемі** туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. **Жануарлар әлемі** Жануарлар әлемімен таныстыру **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер** табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру
	Құрастыру	Конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Констркуторлардың пішініне назар аударту. Конструктор түстеріне мән беру. Конструктормен ойнау ережесімен танысу.
	Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу Олардың қиылысуын жүргізе білу Әр түрлі пішіндегі заттарды бейнелеу Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу
	Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу Сазбалшық кесектерінен бөліп алуды үйрету Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана Сазбалшық кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана
	Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша заттардың бейнесін жасауға үйрету Әртүрлі дайын пішіндердін бейнасін жасауға баулу **З**аттар бейнесін белгілі реттілікпен орналастыруды үйрету
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау. **Ән айту:** Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре (ми) –ля (си) бірінші октавасының диапазонында ән салу. **Музыкалық- ырғақтық қимылдар**: Музыкамен жүру мен жүгірудің ырғақты орындау , шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Ер-Наз 2013» балабақшасы
«Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты (а, ә) дыбыстарын анық айту; **Сөздік қор:** Балалардың сөздік қорын ойын жаттығулар арқылы молайту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді септелуіне қарай байланыстыру. **Байланыстырып сөйлеу:** Заттарды қарастыруда сипаттама беру.

	Көркем әдебиет	Жаңа ертегілер мен таныстыру. Әңгімелермен таныстыру. Өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Шығармалардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылау
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге үйрету. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту **Сөздік қор.** Балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Көпше түрде қолдануға үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.
	Математика негіздері	**Сан:** «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттарды салыстыру **Шама:** екі затты өлшемі бойынша ұзын-қысқа түсініктері бойынша салыстыру. **Геметриялық фигуралар** үшбұрышпен таныстыру **Кеңістікті бағдарлау** өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау **Уақытты бағдарлау** тәулік бөліктерін бағдарлау:
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету **Заттық әлем** **Көлік, байланыс құралдары** ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру **Еңбекке баулу** еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. **Адамгершілікке баулу**

		әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: **Менің Отаным-Қазақстан** Қазақстан Республикасының астанасымен таныстыру **Өсімдіктер әлемі** ағаштардың, дала гүлдерімен таныстыру **Жануарлар әлемі** төлдері туралы білімдерін бекіту. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер** ауа-райының жағдайын анықтау
	Құрастыру	Текшелер кірпіштер. Цилиндрлер, үшбұрыштар. призмаларды ажырата білу. Оларды ажыратуға, қолдануға үйрету,
	Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды сала алу Бірнеше көлденең сызықтарды бейнеле алу Әр түрлі заттарды бейнеле алу Тік сызықтардан тұратын заттарды бейнеле ала білу
	Мүсіндеу	Көкөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету Кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету Азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету Кесектерді алақандарының арасында домалатуды үйрету
	Жапсыру	Ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау Пайда болған бейнені қағазға жапсыру Желімдеудің техникасын үйрету Желімді қылқаламға, мұқият жағып алуды үйрету
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. **Ән айту:** Барлығымен бірге бір қарқынды әнді таза айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Ер-Наз 2013» балабақшасы
«Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты (е, о, ұ) дыбыстарын анық айту; **Сөздік қор:** Балалардың сөздік қорын заттардың сапасы арқылы молайту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Зат есімдерді қарастыруда көмекші сөз «үстінде» сөзін қолдану. **Байланыстырып сөйлеу:** Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде сөйлеуге үйрету.
	Көркем әдебиет	Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты , мәнерлі үзінділерді қайталау. Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.**

		Бірлескен әрекеттері туралы келісуге үйрету. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Естуді дамыту. **Сөздік қор.** Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). **Байланыстырып сөйлеу.** Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
	Математика негіздері	**Сан;** заттардың санын ажыратуға үйрету: **Шама:** екі затты өлшемі бойынша биік-аласа түсініктер бойынша салыстыру **Геметриялық фигуралар** шаршымен таныстыру **Кеңістікті бағдарлау** үстінде-астында түсініктерін қалыптастыру **Уақытты бағдарлау** күндіз тәулік бөлігін бағдарлау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға **Заттық әлем** заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу дағдыларын қалыптастыру **Көлік, байланыс құралдары** ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру **Еңбекке баулу** балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. **Адамгершілікке баулу** балаларға адамның жеке қасиеттері жайлы ақпарат беру **Менің Отаным-Қазақстан** мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. **Өсімдіктер әлемі** бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау,

		Жануарлар әлемі жабайы жануарлар туралы түсінік беру **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер** (суық, жылы, ыстық) ауа райымен таныстыру
	Құрастыру	Төсеу арқылы ғимарат жасау. Бекіту арқылы ғимарат жасау. Қойып отыру арқылы ғимарат жасау. Жаңа ғимараттар салу
	Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, дұрыс ұстауды үйрету Қылқаламды қатты қыспай ұстауды үйрету Қылқаламмен бояуды үйрету. Бояуға ақырын батыруды үйрету
	Мүсіндеу	Есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу Бірнеше бөліктерді қосуды үйрету Қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеуге үйрету Жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру
	Жапсыру	Жаймадағы дайын үлгіге жағуды үйрету Желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен таныстыру Тұрмыстық заттарымен таныстыру
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (сылдырмақ, металлафон, асатаяқ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. **Ән айту:** Әннің сөздерін анық айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Ер-Наз 2013» балабақшасы
«Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау; Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру**.** Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауыссыз (п-б , к-қ) дыбыстарды анық айту; **Сөздік қор:** Балалардың сөздік қорын заттардың қасиеттерін айтуы арқылы молайту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Зат есімдерді қарастыруда көмекші сөз «астында» сөзін қолдану. **Байланыстырып сөйлеу:** Өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуге үйрету.

	Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді рөлге бөліп ойнауға баулу. Қарапайым көріністерді ойнауға баулу. Бірлескен ойындарға қатысуға баулу. Жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. **Сөздік қор.** Тұрмыстық заттарды, жемістердің айтуға және түсінуге дағдыландыру **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстыруға үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.
	Математика негіздері	**Сан:** көп-біреу біртекті заттарды топтастыру **Шама;** екі затты өлшемі бойынша артық-кем түсініктері бойынша салыстыру **Геметриялық фигуралар** дөңгелекпен таныстыру **Кеңістікті бағдарлау** алдында түсініктерін қалыптастыру **Уақытты бағдарлау** түнгі тәулік бөліктерін бағдарлау
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға **Заттық әлем** дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. **Көлік, байланыс құралдары** жаяу жүргіншілерге қарапайым ережелермен таныстыру **Еңбекке баулу** мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру

		Адамгершілікке баулу мейірімді болуға **Менің Отаным-Қазақстан** Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру **Өсімдіктер әлемі** өсімдік бөліктерін тану **Жануарлар әлемі** жабайы аңдардың қорегі жайлы ақпарат беру **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер** маусымдық құбылыстарын бақылау
	Құрастыру	Суреттегі үлгісіне қарап құрастыру. Кірпіштерді пайдалану арқылы құрастыру. Тақтайшаларды тігінен құрастыру. Қатарға орналастырып құрастыру.
	Сурет салу	Алынған артық бояуды төгіп алмай,мұқият құтының шетіне қарай қоюды үйрету Қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жібермей мұқият суға салуды үйрету Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолданудыүйрету Жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету
	Мүсіндеу	(білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру Қазақ халқының әшекей бұйымдарн мүсіндеуді үйрету Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу Оларды таяқшамен безендіру
	Жапсыру	Ұнаған дайын заттардың пішіндерін безендіруге үйрету Қазақ оюларының қарапайым элементтерімен таныстыру Қазақ оюларының қарапайым элементтерін безендіру Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. **Ән айту:** Әннің сипатын жеткізу. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Ер-Наз 2013» балабақшасы
«Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	Дербес қимыл белсенділігі Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауыссыз (т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарын анық айтуға үйрету. **Сөздік қор:** Балалардың сөздік қорын ойыншықтардың ерекше белгілері арқылы молайту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Зат есімдерді қарастыруда көмекші сөз «артында» сөзін қолдану. **Байланыстырып сөйлеу:** Тыңдалған шығармалардан, мультфильмдер, ертегілер естігенен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісу.
	Көркем әдебиет	Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге қарастыру. Көрген суреттері бойынша өз ойын айту. Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдауға және түсінуге баулу.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.

		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Сөздік қор.** Жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Ойыншықтарды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
	Математика негіздері	**Сан:** (біреу-көп), біртекті тең емес заттар заттарды топтастыру **Шама;** өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, **Геметриялық фигуралар** ұстау тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. **Кеңістікті бағдарлау** артында түсініктерін қалыптастыру **Уақытты бағдарлау** түскі ас уақыт тәулік бөліктерін бағдарлау
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, **Заттық әлем** қазақ халықының тұрмыс заттарымен таныстыру. **Көлік, байланыс құралдары** жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. **Еңбекке баулу** өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Адамгершілікке баулу** жанашыр болуға **Менің Отаным-Қазақстан** балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін түсіндіру **Өсімдіктер әлемі** бөлме өсімдіктерін күтуді үйрету **Жануарлар әлемі** Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,

		Табиғаттағы маусымдық өзгерістер бақылау күнтізбесінде жұмыс істеуге үйрету
	Құрастыру	Құрастырған құрылыспен ойнау. Құрастырылған құрылыспен сюжетті ойнау. Құрастырылған құрылыспен ойыншықтарды қолданып ойнату. Құрастырылған құрылыспен бірлесе ойнау.
	Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып үйрету Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыруды үйрету Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстерді үйрету
	Мүсіндеу	Сазбалшық кесектерінен бөліп алуды үйрету Домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалануды үйрету Өсімдіктер мен жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру
	Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды қолдануды үйрету Қағазды түрлендіру әдістерін қолдануды үйрету(жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау). Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыруға баулу Жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. **Әнайту:** Әнді көңілді, созып, ойнақы айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Затттар мен заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Ер-Наз 2013» балабақшасы
«Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу; Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. **Сөздік қор:** Балалардың сөздік қорын киімдердің және аяқ киімдердің ерекше белгілерін айтуы арқылы молайту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Зат есімдерді қарастыруда көмекші сөз «жанында» сөзін қолдану. **Байланыстырып сөйлеу:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.

	Көркем әдебиет	Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағымен жеткізуге баулу. Мәнер арқылы оларға еліктеп, жеткізуге баулу.; сюжетті эмоционалды қабылдауға үйрету. Кейіпкерлерге жанашырлық танытуға ықпал жасау
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліне тән ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын дамытуда, жаттауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөз тіркестерін құрастыруға (сын есім) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс ертегілер мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге баулу.
	Математика негіздері	**Сан:** біртекті заттарды біреуін бөліп көрсету, « заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша **Геметриялық фигуралар** көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. **Кеңістікті бағдарлау** сол түсініктерін қалыптастыру **Уақытты бағдарлау** бесін ас уақыты тәулік бөліктерін бағдарлау
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** жақындарына қамқорлық танытуға, **Заттық әлем** заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. **Көлік, байланыс құралдары** жолаушыларды тасмалдау қозғалыс құралдарымен таныстыру **Еңбекке баулу** қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. **Адамгершілікке баулу** Қамқор болуға **Менің Отаным-Қазақстан**

		әрқашан қамқорлық танытатуға тәрбиелеу **Өсімдіктер әлемі** Көкеністермен таныстыру **Жануарлар әлемі** Үй жануарлары мен таныстыру **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер** жылдың қысқы, көктемгі өзгерістерімен танысу
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу. Алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау. Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіру. Дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
	Сурет салу	Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстердің реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану Қазақ ою-өрнектерін үйрету Ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу Құмға таяқшалармен салулы үйрету
	Мүсіндеу	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауды үйрету Мүсіндеу барысында ұқыпты болуға баулу Заттарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру Ермексаздың қасиеттерін білуге үйрету
	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыруға үйрету Киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасауға баулу Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын үйрету Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздарды таңдауға үйрету
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. **Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып ән айтуға баулу. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту; аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Ер-Наз 2013» балабақшасы
«Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Жыл бойы медицина қызметкерінің басшылығымен балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту. **Сөздік қор:** Балалардың сөздік қорын (ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. **Байланыстырып сөйлеу:** Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.
	Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді ойнауға үйрету. Қарапайым көріністерді ойнауға баулу. Қарапайым көріністерді тыңдай білуге баулу. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдауға үйрету

	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліне тән қ, дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар, жаттауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге баулу.
	Математика негіздері	**Сан:** қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу «қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. **Шама:** ұзындығы, ені, биіктігі, үлкен-кіші жалпы шамасы бойынша салыстыру **Геметриялық фигуралар** біртекті заттарды топтастыру **Кеңістікті бағдарлау** оң түсініктерін қалыптастыру **Уақытты бағдарлау** кешке тәулік бөліктерін бағдарлау
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** оларға өзін жақсы көруге тәрбиелеу **Заттық әлем** әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын **Көлік, байланыс құралдары** өрт сөндіру қозғалыс құралдарымен таныстыру **Еңбекке баулу** қтапсырмаларды өздігінен орындауға үйреету **Адамгершілікке баулу** сезімтал және іскер болуға **Менің Отаным-Қазақстан** өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. **Өсімдіктер әлемі** жемістермен таныстыру

		Жануарлар әлемі **Табиғаттағ маусымдық өзгерістер** жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.
	Құрастыру	құрастыруда бөлшектерді орналастыру. Кірпіштерді қалау. пластиналарды тік бағытта қолдану . Көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану.
	Сурет салу	Асфальтқа бормен салуды үйрету Өз бетінше сурет салуды үйрету Ойдан сурет салуға мүмкіндік беру Сурет салуда қауіпсіздікті сақтау
	Мүсіндеу	Сазбалшықтың қасиеттерін біледі Мүсіндейтін затты зерттеуге үйрету Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдалануға баулу Мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игеруге үйрету
	Жапсыру	Қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады Ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастыруға және желімдеуге баулу Оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетуге үйрету Қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын білуге баулу
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталкуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. **Ән айту:** Әнді ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеуімен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Ер-Наз 2013» балабақшасы
«Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	Спорттық жаттығулар: Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде). Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Ата-аналардың қалауларын ескеріп, мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі мен медицина қызметкерлерінің шешімі бойынша арнайы шынықтыру шараларын жүргізу. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Өткенді қайталау.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. **Сөздік қор:** Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. **Байланыстырып сөйлеу:** Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.

	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан қызықты үзінділерді айтуға үйрету. Сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға үйрету. Тақпақтарды жаттауға баулу. Өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша қайталап айтуға баулу.
	Математика негіздері	**Сан:** Тең бе?» деген сұраққа жауап беру **Шама:** биіктігі, үлкен-кіші жалпы шамасы бойынша салыстыру **Геметриялық фигуралар** және олардың біреуін бөліп көрсетеді; **Кеңістікті бағдарлау** Алыста -жақында түсініктерін қалыптастыру **Уақытты бағдарлау** Бүгін-ертең түсініктерін қалыптастыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу. **Заттық әлем** қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. **Көлік, байланыс құралдар** жедел жәрдем қозғалыс құралдарымен таныстыру **Еңбекке баулу** балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге үйрету

		Адамгершілікке баулу еңбекқор, ұқыпты болуға **Менің Отаным-Қазақстан** тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. **Өсімдіктер әлемі** Аула өсімдіктерімен отырғызу **Жануарлар әлемі** Табиғаттағы маусымдық өзгерістер
	Құрастыру	Бөлшектерді жинауға баулу. Қауіпсіздікті сақтауға үйрету. Шапшаңдыққа үйрету. Ұқыптылыққа баулу.
	Сурет салу	Сурет салуда ұқыптылыққа баулу Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларын үйрету Негізгі түстерді дұрыс атауды үйрету Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын үйрету
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіруді үйреу Өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді үйрету Қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі Заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндей алады
	Жапсыру	Ұжымдық жұмыстарға қатысуға үйрету Ұжымдық жұмыстарға қызығып жасауға баулу Геометриялық фигураларды ажыратуға үйрету Ою-өрнектермен безендіруге баулу
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Ересектердің орындаудағы және аудио – бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды-көңілді) байқауға үйрету. **Ән айту:** Әнді бірге бастап, бірге аяқтауға үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.